



Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жобаларын қаржыландырудың 2024 – 2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 607 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жобаларын қаржыландырудың 2024 – 2029 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамымен, оның ішінде холдинг тобына кіретін компаниялармен (бұдан әрі – қаржыландырушы ұйымдар) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық көрсететін қызметтердің табиғи монополиялар субъектілерінің кредиттік міндеттемелерін жабатын тарифтерін белгіленген кезеңділікпен (қарыздың бүкіл мерзімінде) бекіту туралы тиісті келісім жасассын.

3. Қаржыландырушы ұйымдар (келісу бойынша) қаржыландырушы ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне әсеріне қарамастан, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің жобаларын қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 25 шілдедегі
№ 607 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жобаларын қаржыландырудың 2024 – 2029 жылдарға арналған бағдарламасы

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты.
2. Кіріспе.
3. Ағымдағы ахуалды талдау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті, нысаналы индикаторлары мен оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар.

6. Қажетті ресурстар.

1-бөлім. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жобаларын қаржыландырудың 2024 – 2029 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіз	"Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы; "Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысы
Әзірлеуге жауапты	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҰЭМ)
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Орталық органдар, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ (бұдан әрі – холдинг), оның ішінде холдинг тобына кіретін компаниялар (келісу бойынша)
Мақсат	Табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – ТМС) инвестициялық бағдарламалары шеңберінде электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерін және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді салу және жаңғырту (реконструкциялау, күрделі жөндеу)
Міндет	Электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерін және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді салу мен жаңғыртуды (реконструкциялауды, күрделі жөндеуді) қаржыландыру арқылы елдегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту деңгейін арттыру
Іске асыру мерзімі	2024 – 2029 жылдар
Нысаналы индикаторлар	Мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізу: электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерінің және жылу энергиясын өндіру кезінде

	қолданылған активтердің тозу көрсеткішін жыл сайын ТМС мен реттеліп көрсетілетін қызметтерге байланысты орта есеппен 2-3 %-ға төмендету
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) қаражаты және қаржыландырушы ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Ескертпе:

Бағдарламаның нысаналы индикаторларын орындау Бағдарламаны тиісті қаржы жылдарына арналған қаржыландыру көлеміне және қаржыландырылған ТМС санына байланысты болады.

2-бөлім. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес тұрғын үй қорын жаңарту мен ұлғайтуға, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мен дамытуға бағытталған шаралар қабылданады. Енгізіліп жатқан зияткерлік жүйелер мен цифрлық технологиялар ел халқының үміті мен мүддесін қанағаттандыруға бағытталады және тыныс-тіршіліктің базалық көрсетілетін қызметтеріне тең қолжетімділікті арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі болмыста тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) жобаларын қаржыландыру мақсатында нақты басымдық беру және ресурстарды оңтайлы бөлу үшін мемлекеттік органдардың, сондай-ақ РБ-ның, халықаралық қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы қаржы ұйымдарының күш-жігерін шоғырландыру ерекше маңызға ие болады.

Халықтың тыныс-тіршілігіне қолайлы жағдай жасау мақсатында коммуналдық секторды, бірінші кезекте энергиямен жабдықтау (жылумен, электрмен жабдықтау) жүйелерін жаңғырту мен дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру қажет.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

электрмен, жылумен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілердің және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтердің тозу көрсеткішін жыл сайын ТМС мен реттеліп көрсетілетін қызметтерге байланысты орта есеппен 2-3 %-ға төмендету;

тартылатын инвестициялық қаражатты ұзақ мерзімді кезеңдерге қайта бөлу жолымен реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің түпкілікті тарифтеріне түсетін қысымды төмендету күтіледі.

3-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

ТКШ саласы өзара байланысқан екі негізгі элемент болып табылады, олар:

1) сумен, газбен, жылумен, электрмен жабдықтауды және су бұруды, жалпыға ортақ пайдаланылатын объектілерді және елді мекендердің аумағын абаттандыру мен күтіп-ұстауды қамтамасыз ететін жүйелерді қамтитын коммуналдық сектор;

2) коммуналдық көрсетілетін қызметтердің негізгі тұтынушылары болып табылатын көпқабатты тұрғын үйлер мен жеке үй құрылыстарын қамтитын тұрғын үй секторы.

1-кіші бөлім. Жылумен жабдықтаудың ағымдағы жай-күйін бағалау

2019 – 2022 жылдар аралығында республикадағы жылу желілерінің ұзындығы 300 километрге ұлғайып, алдыңғы 13,6 мың километрден 13,9 мың километрге жетті. Жөндеуді қажет ететін жылу желілерінің пайызы осы кезеңде 61 %-дан 54 %-ға дейін төмендеді.

Жылумен жабдықтау жылу электр орталықтары мен қазандықтарға сүйенетін орталықтандырылған және жергілікті жүйелер арқылы жүзеге асырылады. 2022 жылғы жағдай бойынша елде 798 автономды көзді қоса алғанда, 2865 жылумен жабдықтау көзі болды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлық жылу көздерінің жалпы қуаты сағатына 37566,7 гигакалорийді құрады. Жылу энергиясын өндіру 2022 жылы 95,6 млн гигакалорийге жетті, оның негізгі үлесі ЖЭО (55,9 млн гигакалорий) мен қазандықтарға (32,6 млн гигакалорий) тиесілі болды.

Жылу желілеріне 1734299 абонент қосылған, олардың көпшілігі – тұрмыстық тұтынушылар (1596910 абонент). Кредит беру және субсидиялау шеңберінде 2019 – 2022 жылдар аралығында 220,7 километр жылумен жабдықтау желілерін салу және реконструкциялау бойынша 60 жоба іске асырылды, бұл авариялар санын 14 %-ға азайтуға мүмкіндік берді.

2-кіші бөлім. Электрмен жабдықтаудың ағымдағы жай-күйін бағалау

Қазақстан Республикасының Бірыңғай энергетикалық жүйесі электр станцияларының белгіленген қуаты 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 24641,9 мегаватты, қолданыстағы қуаты 20428,1 мегаватты құрады.

Елімізде электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 222 электр станциясы жүзеге асырады. 2022 жылы 115 млрд киловатт-сағат электр энергиясы өндірілді. Өндіру 112,8 млрд киловатт-сағатты құрады, шектес елдерден электр энергиясының импорты – 3,4 млрд киловатт-сағат, экспорт – 1,4 млрд киловатт-сағат.

Электрмен жабдықтауда электр энергиясын есептеуіштермен қамтамасыз етілу 100 %-ға жетеді, алайда бұл есепке алу аспаптарының көпшілігі ескірген және энергия тиімділігіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келмейді. Ескі индукциялық есептеуіштер төмен токпен жұмыс істейтін заманауи электр аспаптарының тұтынуын

1	жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтердің орташа тозу көрсеткішін төмендету	%	ҰЭМ	56	51	48	45	42	40
2	Электрмен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілердің орташа тозу көрсеткішін төмендету	%	ҰЭМ	62	60	57	55	53	50

Ескертпе:

2025 жыл (1 жыл) базалық жыл болып есептеледі және индикаторларға қол жеткізу тиісті қаржы жылдарына арналған қаржыландыру көлеміне, қаржыландырылған ТМС санына байланысты айқындалады.

5-бөлім. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Ескерту. 5-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.10.2024 № 882 қаулысымен.

Бағдарлама тұрғын-үй коммуналдық секторды, атап айтқанда электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерін және ТМС жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді жаңғырту және дамыту бағытында іске асырылатын болады.

Электрмен, жылумен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілерді салу және жаңғырту (реконструкциялау, күрделі жөндеу) саласындағы жобаларды және ТМС жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді қаржыландыру ТМС меншікті қаражатынан басқа, қаржыландырушы ұйымдардың қаражаты және республикалық бюджет қаражаты есебінен 60/40 пропорциясында жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар бюджеттік кредит беру есебінен салуға және жаңғыртуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) бағытталған шығыстар қаржыландырылады.

Бұл ретте ТМС көрсетілген жобаларын қаржыландыру мынадай тетіктерді пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады:

қаржыландырушы ұйымдардың ТМС-ны тікелей кредиттеуі;

ТМС-ны жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы есебінен қаржыландыру.

3-кіші бөлім. Қаржыландырушы ұйымдардың табиғи монополия субъектілеріне тікелей кредит беруі мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

1	Қаржыландырушы ұйымдар	Холдинг, оның ішінде холдинг тобына кіретін компаниялар
2	Қарыз алушы (лар)	<p>Электрмен, жылумен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілердің және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтердің тозу көрсеткіші 55 %-дан асатын заңды тұлғалар:</p> <p>мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі – мемлекеттік қарыз алушылар);</p> <p>акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (бұдан әрі – мемлекеттік емес қарыз алушылар)</p>
3	ТМС-ның инвестициялық жобаларын іріктеудің негізгі өлшем шарттары	<p>ТМС-ның инвестициялық жобасын қаржыландырудың басым шарты:</p> <p>электрмен, жылумен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілердің және жылу энергиясын өндіру кезінде іске қосылған активтердің тозу көрсеткіші 55 %-дан асады (ҰЭМ-нің ақпараты негізінде);</p> <p>жобалық шешімдердің технологиялық және техникалық негізділігі;</p> <p>инвестициялық бағдарлама бойынша Бағдарлама шеңберінде тартылған қаражат көлемін және міндеттемелерді ескергенде қарыз алушының ТКШ көрсетілетін қызметтеріне тарифтің жыл сайынғы жоспарланған өсімі туралы растайтын құжаттың болуы.</p> <p>Бұл ретте осы құжатта сыйақыны ескергенде негізгі борышты өтеуге</p>

		<p>қажетті шығындарды ТКШ көрсетілетін қызметтерінің тариф мөлшеріне қосу туралы мемлекеттік органның міндеттемелері оларға қызмет көрсету мүмкіндігінің болмауына байланысты қарыз алушының қарызын қаржыландырушы ұйым тарапынан қайта құрылымдауды жүргізу көзделуге тиіс.</p> <p>Қаржыландыруға өтінім берген сәтте үшінші тұлғалардан тартылған қарыздар немесе бюджетке төленетін төлемдер бойынша мерзімі 90 (тоқсан) күннен асып кеткен өтелмеген берешектің болмауы</p>
4	Қарыз сомасы	Қаржыландырушы ұйым сараптамасының нәтижелері бойынша әрбір қарыз алушы бойынша жеке айқындалады, бұл ретте қарыздың ең төмен сомасы 1000000000 (бір миллиард) теңгені құрайды
5	Қаржыландыру мерзімі	18 жылдан аспайды
6	Қарыз алушы үшін қарыз сомасының қолжетімділік кезеңі	5 жыл (2029 жыл да кіреді)
7	Қаржыландыру шеңберінде әрбір қарыздың мерзімі	13 жыл
8	Қарыз валютасы	Теңге
9	Қарыз бойынша жеңілдікті кезең	Негізгі борыш пен сыйақыны төлеу бойынша – тиісті шарттың талаптарына сәйкес, бірақ банктік қарыз шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) айдан аспайды
10	Қарыз алушының өзінің қатысуының мөлшері	мемлекеттік емес қарыз алушылар – жоба құнының 10 %-ы; мемлекеттік қарыз алушылар – жоба құнының 0 %-ынан бастап
11	Қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі	жылдық 11,19 (он бір бүтін, жүзден он тоғыз) % -дан аспайды
12	Жоба шеңберінде қаржыландырушы ұйымдардың шығыстары	Қаржыландырушы ұйымның құрылыс және жаңғырту (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жүргізу кезеңіне сарапшы (қаржы-техникалық консультант) тартуына байланысты шығыстар қарыз алушы тарапынан өтеледі.

		Бұл ретте қарыз алушы аталған сарапшыларды өзі тартып, олар көрсететін қызметке өзі ақы төлей алады
13	Комиссиялар (кредит беру, қаржыландыру шарттарын өзгерту үшін)	Қолданылмайды. Бұл ретте қаржыландырушы ұйым құрылыс және жаңғырту (реконструкциялауды, күрделі жөндеуді) жүргізу кезеңіне сарапшының (қаржы-техникалық консультанттың) қызметтеріне ақы төлеген жағдайда шығыстарды қаржыландырушы ұйымның қарыз алушысы комиссия түрінде төлейді. Қарыз алушы аталған сарапшыларды өзі тартып, олар көрсететін қызметке өзі ақы төлеген жағдайда комиссия алынбайды
14	Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету	Тиісті өңірде қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның кепілдігі (мемлекеттік қарыз алушылар бойынша); қарыз алушының акционерлерінің/қатысушыларының және түпкілікті бенефициарларының кепілдіктері (мемлекеттік емес қарыз алушылар бойынша); қарыз алушының шығыс операцияларын жасауды бақылау туралы келісімнің шеңберінде қарыз алушының агент-банктегі шотына түсетін ақша қаражаты; жылжымалы/жылжымайтын мүлік түріндегі өзге де қамтамасыз ету
		Қаржыландырушы ұйым, қарыз алушы және агент-банк арасындағы қарыз алушының шығыс операцияларының жасалуын бақылау туралы келісімнің жасалуы, ол мынадай шарттарды қамтиды, бірақ көрсетілгенмен шектелмейді: агент-банктің кредиттік құралды ұсыну туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қарыз алушының арнайы ағымдағы шотындағы төмендемейтін қалдықты қарыз алушының қаржыландырушы ұйым алдындағы міндеттемелерін (

15	Қарыз алушы тарапынан міндеттемелер	<p>негізгі борыш, сыйақы, комиссия) жыл сайынғы өтеу сомасына қолдау міндеттемесі;</p> <p>мемлекеттік емес қарыз алушының акционерлерімен/қатысушыларымен және түпкілікті бенефициарларымен кепілдік шарттарын жасасу;</p> <p>қаржыландырушы ұйым, қарыз алушы, қарыз алушының акционерлері/қатысушылары арасында электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерін және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді салуды және жаңғыртуды (реконструкциялауды , күрделі жөндеуді) қаржыландыру туралы келісім жасасу, қалған жұмыстарды қарыз алушының акционерлері/қатысушылары (мемлекеттік емес қарыз алушылар бойынша) қаржыландыруға тиіс;</p> <p>қаржыландыру ұйымға жыл сайынғы негізде ТКШ көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді тұтынушылар тарапынан орындаудың жылдық пайызы туралы ақпарат беру;</p> <p>электрмен, жылумен жабдықтаудың инженерлік желілерін салу және жаңғырту (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жөніндегі жұмыстарды және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтерді жүргізу бойынша мердігер ұйымдармен жасалатын шарттарда мердігер ұйымдардың қарыз алушылардың пайдасына міндеттемелердің орындалуына банктік кепілдік беру қажеттігі туралы міндеттемелерін көздеу</p>
16	ҰЭМ тарапынан міндеттемелер	<p>Қаржыландырушы ұйымға әрбір қарыз алушы бойынша қарыз алушының міндеттемелерін жабатын (қарыз алушының бүкіл қарыз мерзімі ішінде) ТКШ көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің мөлшерін бекіту</p>

		туралы шешімді (белгіленген кезеңділікпен) ұсыну
17	Мониторинг	Жобалардың мониторингі қаржыландырушы ұйымның ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады

4-кіші бөлім. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарды (облигацияларды) шығаруы есебінен табиғи монополия субъектілерін қаржыландыру мынадай негізгі шарттарда жүзеге асырылады:

Ескерту. Бағдарлама 4-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.10.2024 № 882 қаулысымен.

1	Эмитент	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары
2	Инвестор	Холдинг, оның ішінде холдинг тобына кіретін компаниялар
3	Облигациялық бағдарламаның қолданылу мерзімі	18 жылдан аспайды
4	Облигациялардың айналыс мерзімі	13 жылдан аспайды
5	Облигациялар шығару кезеңі	5 жыл (2029 жыл да кіреді)
6	Купон бойынша сыйақы мөлшерлемесі	жылдық 9,19 (тоғыз бүтін, он тоғыз) %-дан аспайды
7	Шығарылған облигациялар шеңберінде негізгі борышты өтеу	облигациялар айналысы басталған күннен үшінші жылдан бастап жартыжылдық төлемдермен
8	Купон бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі	жартыжылдық төлемдер
9	Қарыз алушы (-лар)	Электрмен, жылумен жабдықтау жөніндегі инженерлік желілердің және жылу энергиясын өндіру кезінде қолданылған активтердің тозу көрсеткіші 55 %-дан асатын заңды тұлғалар: мемлекеттік қарыз алушылар; мемлекеттік емес қарыз алушылар
10	Кредит шарттары	Бағдарлама шеңберінде қарыз алушылардың инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында эмитент және (немесе) бюджет заңнамасына сәйкес айқындалған өзге де тұлғалар мен қарыз алушылар арасында жасалатын шарттар. Қарыз алушыларға кредит берудің негізгі және өзге де шарттары

		кредит шарттарында айқындалатын болады
11	Қарыз валютасы	теңге

6-бөлім. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру РБ қаражаты және қаржыландырушы ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мынаны құрайды:

млрд теңге							
	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	Барлығы
РБ	20	20	20	20	20	20	120
Қаржыландырушы ұйымдардың қаражаты	30	30	30	30	30	30	180
Барлығы	50	50	50	50	50	50	300

Ескертпе:

Қаражат көлемі тиісті қаржы жылына арналған РБ-ға сәйкес нақтыланатын болады.